

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
2025-2026 оқу жылындағы №2 кезектен тыс Сенат мәжілісінің**

**№2 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

**Түркістан қаласы  
Онлайн**

**21 қаңтар 2026 жыл**

**Сағат – 12:30**

**Сәрсенбі**

**Қатысқандар:** Сенат мүшелері

**Күн тәртібінде:**

**3. Бітіруші курс білім алушыларының бір пәннен академиялық қарызын ақылы негізде жою үшін қысқа мерзімді оқу курстарын ұйымдастыру туралы**  
*(Баяндамашы: Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова);*

**Ашық дауыс беру нәтижесінде СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**3.1** Өңірдегі әлеуметтік жағдайды, сондай-ақ білім алушылар мен ата-аналардың өтініштерін ескере отырып, академиялық адалдық қағидаларын бұзбаған, 5 (бес) кредиттен аспайтын бір пәннен академиялық қарызы бар бітіруші курс білім алушыларына 2026 жылдың 26 қаңтар мен 12 ақпан аралығында академиялық қарызды ақылы негізде қысқа мерзімде игеру арқылы жоюға мүмкіндік берілсін.

**3.2** Академиялық қарыздарын өтеуге мүмкіндік алған бітіруші курс білім алушыларына өндірістік (кәсіптік) және дипломалды практикаларының мерзімін өзгерту мақсатында жаңа академиялық күнтізбе бекітілсін:

- практикаға жіберу жөніндегі ұсыныстар – 2026 жылғы 13 ақпан;
- өндірістік практика мерзімі – 2026 жылғы 16 ақпан мен 11 сәуір аралығы;
- дипломалды практика мерзімі – 2026 жылғы 13 сәуір мен 09 мамыр аралығы;
- қорытынды аттестаттау мерзімі өзгеріссіз қалдырылсын.

**3.3** Академиялық қарызды жою нәтижесінде оң қорытынды алған бітіруші курс білім алушылары өндірістік практикаға жіберілсін.


**3.4** Қысқы аралық аттестаттау барысында академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін емтиханнан актімен шығарылған білім алушыларға қатысты университеттің қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптары өзгеріссіз қалдырылсын. Факультет декандарының ұсынысымен қайта қалпына келтіру құқығымен оқудан шығарылсын.

**3.5** Осы шешімдерді іске асыру: оқу үдерісін ұйымдастыру, білім алушыларды тіркеу, қысқа мерзімді оқу курстарын өткізу және өзге де ұйымдастырушылық шаралар академиялық мәселелер жөніндегі вице-ректордың және факультет декандарының тиісті өкімдері негізінде жүзеге асырылсын.

**3.6** Осы қаулының орындалуын бақылау Академиялық мәселелер вице-ректорына жүктелсін.

**Сенат төрайымы**  
**Сенат хатшысы**

**Ж.Темирбекова**  
**А.Абибуллаева**



**А.Абибуллаева**